

**Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың 2014 жылға арналған мақсатты топтарды анықтау және қосымша тізбесін белгілеу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы N 296 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қаңтарда N 2504 болып тіркелді

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында тұратын мақсатты топтар анықталсын:

- 1) аз қамтамасыз етілгендер;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар жатады.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 2) отбасыларында бірде-біреуі жұмыс істемейтін тұлғалар;
- 3) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;
- 4) он екі ай және одан да артығырақ жұмыс істемеген тұлғалар.

3. «Аққайың аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі нысаналы топтарға қосымша жатқызылған тұлғаларды жұмыспен қамту бойынша және әлеуметтік қорғаудың қолдау шараларын уақытылы қамтамасыз е т с і н .

4. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің «Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың 2014 жылға арналған мақсатты топтарды анықтау және қосымша тізбесін белгілеу туралы» 2013 жылғы 19 қарашадағы № 277 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 2422 тіркелді, 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 60 «Колос», 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 55 «Аққайың» газеттерінде жарияланды) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің әлеуметтік және экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасарына ж ү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*С о л т ү с т і к                      Қ а з а қ с т а н                      о б л ы с ы*  
*Аққайың ауданының әкімі                      Қ. Қасенов*